

*Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,  
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.  
Ертең өзің қайдасың, білемісің?  
Өлмек үшін тугансың, ойла, шырақ!*

*Абай*

# ЗИЯРАТ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Құрастырған  
Мұхамеджан ЕСТЕМИРОВ

ББК 86.38



**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы  
ОҚО бойынша өкілдігінің тапсырысы бойынша  
әзірленді**

**ЗИЯРАТ  
ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Құрастырған;  
Мұхамеджан ЕСТЕМИРОВ**

**ISBN 9965-911-07-X**

Бұл жинақта кесенелер мен қабірлерге және киелі орындарға барған кезде орындалатын ережелер мен тәртіптер енгізілген.

Кітап мешіт имамдары мен жалпы жамағат оқырман қауымға арналып отыр.

**Шымкент - 2017**

## Бисмиллаһир рахманир рахим

Аса мейірімді, Мейірбан Алланың атымен бастаймын. Барлық мадақ әлемдердің Иесі Аллаға тән. Салауат пен сәлем елшілердің төресіне, оның әулеті мен сахабаларына болсын.

### **Құрметті мұсылман бауырлар!**

Қабірлерді зиярат ету туралы Пайғамбарамыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Мен сендерге қабірлерді зиярат етуге тыйым салған едім, енді зиярат етулеріңе болады. Себебі, қабір ақыретті еске түсіреді, өлімді ойға оралтады, сөйтіп қайырлыларды молайта түсуі мүмкін. Бірақ, қабір басында күнә сөз айтудан (яғни, өлген мәйтке жалбарынудан, табынудан, одан медет тілейтін дұға, Алла Тағалаға серік қосатын сөздер айтудан аулақ болу мағынасында) сақ болыңдар!»** деген.

Шынында өлім хақ және ол әрбір жаратылған жандының соңы болып табылады. Алла Тағала Құран Кәрімде ол жайлы:

**“Өзекті жанда өлмейтін пенде жоқ. Сендердің игілікті істеріңнің бодауы, қиямет күнінде толық қайтарылады. Тозақтың беті әрі болып, ұжмаққа кірсеңдер – мұраттарыңа жеткендерің. Дүние деген – опасыз тіршіліктің алдамшы қызығы”,** - дейді. («Әл Имран» сүресі, 185-аят)

**“Дүние ләззәттарын жермен-жексен ететін ажалды естеріңе алыңдар”,** - деген («Риядус-салихин»). Осы орайда дана халқымыз:

Лә илләһа илла Алла,  
Илла Аллада пайда бар.  
Білмеген жанға не айла бар.  
Барар жерің қараңғы,  
Шамшырағыңды сайлап ал.

Опасыз фәни бұл жалған,  
Жұтады жуан – жұқаны.  
Малыңа сенбе, құлданған,  
Қурайдың ол бір бұтағы.

Қай жаққа кетті аттанып,  
Пікір қыл сонау көп халық.  
Жетеді қуып ақ табыт,  
Кигізіп жеңсіз лыпаны.

Андыма дүние қапысын,  
Тірлік қыл тәңір хақ үшін.  
Жей көрме жанның ақысын – ей,  
Қыл көпір ертең тұтады.

Ұл – қызың, досың жорықтас,  
Ешбір жебеп, жарытпас.  
Жігерлен, сілкін, ғарып бас – ей,  
Ғұмырың желдей зытады, - дейді.

Әрине, білген, түсінген адамға бұл жалған бір жанып біткен шырпы сынды зулайды. Алла Тағала: «Ешкім ертең не істейтінін білмейді және ешкім қай жерде өлерін де білмейді» («Лұқман» сүресі, 34-аят.), – деген.

Құрметті оқырман! Сондықтан да еліміздегі киелі орындар мен мазарларға зиярат ету барысында көпшілікті бір қатар діни мәселелерді біліп, шариғат көрсеткен жолмен жүріп амал әрекет жасап үлкен сауапқа кенелуге болады.

**Құрастырушы**

## ҚАБІР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қабір сөзінің түбірі араб тіліндегі «қобр» – көр, мола ұғымдарын береді. Ал «стан» сөзі парсының мекен, жай ұғымдарын білдіретін қосымша сөз. Мысалы, Қазастан, Өзбекстан, Монғолстан, Татарстан, Ауғаныстан т.б.

Ал қазақ халқында қабірстанды *қорым, бейіт, зират, көрхана* деген сөздермен табиғи географиялық орналасуына қарай түрліше аталады. Демек, қабырстан – қайтыс болған мақұмдарды қоятын мекен екені белгілі жайт.

## ДҰҒАНЫҢ АБЗАЛЫ

Дұғаның абзалы жөнінде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Зікірдің абзалы – Лә иләһә Иллаллаһ (Алладан басқа Тәңір жоқ), дұғаның абзалы – Әлхамдулиллаһ (Алла Тағалаға мақтау болсын). Намазға азан айтылғанда, аспанның есіктері ашылып, дұға қабыл болады. Сендер науқастың қасына немесе жаназада болсаңдар, тек жақсылық айтындар! Өйткені, періштелер сендердің айтқандарыңа: «Әмин» деп тұрады», - деген.

## ДҰҒА ЕТУДІҢ ӘДЕТТЕРІ

- ✓ Дәретті болу, яғни таза болу;
- ✓ Дұға жасағанда әуелі Аллаға мақтау айтып бастау;

- ✓ Тілекті үш қайтарадан айту;
- ✓ Құбылаға бет қарату;
- ✓ Екі қолды көтеріп, алақан жайып тілеу;
- ✓ Орташа дауыспен дұға ету;
- ✓ Дұғаны Пайғамбарға салауат айтумен аяқтау;
- ✓ Алдымен өзі үшін дұға ету;
- ✓ Шын ықыласымен тілеу;
- ✓ Еш жалықпай тілеу;
- ✓ Тек жақсылық тілеу.
- ✓ Дұғаны ерте жасау, яғни бас тасқа тигенде емес;
- ✓ Құран – хадис көрсеткендей болуы керек;
- ✓ Ішіп-жегені адал, киген киімі адалдан болу керек;
- ✓ Дұға қабыл болмады деп асықпау, сабыр сақтау;
- ✓ Дұға жасағанда Аллаға серік қоспау;
- ✓ Әдептілік сақтау – міне осы нәрселерді мұқият атқару керек.

## ҚАБІРДІ ЗИЯРАТ ЕТУ

Ақыретті ойлап, қабірстанды зиярат ету шарифатта бұйырылған амал. Хадисте (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Қабірлерге зиярат етіндер. Ол ақыретті еске түсіреді»**, – делінген. Барған адамдар Құран оқып, дұға жасағаны жөн. Мәйітке оның пайдасы бар. Қабірстанға кез-келген уақытта да баруға болады. Зияратқа барған адамның мына сөздерді айтуы керек:

**“Әссәләму ьаләйкум әһләд-диәри минәл-мү’мининә уәл муслиминә, уә иннә ин шә-аллаһу бикум ләхиқун [уә ярхамул-лаһул –мустәқдиминә**

миннә уәл-мустә’хирин әс-әлуллаһә ләнә уә ләкумул-  
ьяфияһ]». **Мағынасы:** «Әссәләму алейкум уа, бұл  
мазарда жатқан мүміндер мен мұсылмандар! Алла  
қаласа біз де (бір күні) сіздерге қосыламыз (бізден  
бұрын өткендерді де, бізден кейін өткендерді де Алла  
рахым етсін). Алладан өзімізге де, сіздерге де азаптан  
күтқаруды сұраймыз».

Қабір зияраты мәселесінде ардақты Пайғамба-  
рымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)  
қабірін зиярат ету сауап амалға жатады.

Зиярат етуші зияратты шарифат үкімдеріне сай  
атқаруы тиіс. Марқұмдардан еш нәрсе сұралмайды.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен  
сәлемі болсын) былай деген: *«Үмбетіме бір заман келеді.  
Сонда олар бес нәрсені қатты жақсы көріп, бес нәрсені  
мүлде ұмытады:*

- 1. Дүниені жақсы көріп, ақыретті ұмытады;*
- 2. Өмірді жақсы көріп, өлімді ұмытады;*
- 3. Зәулім сарайларды жақсы көріп, қараңғы  
қабірлерді ұмытады;*
- 4. Мал-мүлікті жақсы көріп, оған беретін есепті  
ұмытады;*
- 5. Жаратылысты жақсы көріп, Жаратушыны  
ұмытады».*

## **МАРҚҰМҒА САУАБЫ ТИЕТІН АМАЛДАР**

Шарифат бойынша тірі адам марқұм болған ата-  
анасы, бауыры, ағайын-туысы және өзге де мұсылман  
бауырына дұға етуіне, рухына Құран бағыштауына,

истиғфар тілеуіне, садақа беруіне болады. Ол амалдардың сауабы марқұмға жетеді. Дұға етуге қатысты аятта былай деп бұйырады:

**«Олардан кейін келгендер (иман келтіргендер): «Раббымыз! Бізге және бізден бұрын иман айтқан бауырларымызға кешірім айла! Әрі біздің жүректерімізде мүміндерге қарсы зәредей жеккөрушілік жасама! Раббымыз! Расында Сен Мейірбансың һәм Ерекше Мейірімдісің», – дейді»** (Хашр сүресі, 10-аят).

Ал хадистерде болса былай деп бұйырады:

Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Уа, Алла! Тірілеріміздің күнәсін кешір, өлілерімізді рахымыңа бөле!»* – деп дұға еткен (Ахмет б. Ханбал риуаяты).

Осман ибн Аффаннан (р.а.) риуаят бойынша Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өлген кісіні жерлеген соң қабірдің қасында тұрып: *«Бауырларың үшін Алладан истиғфар тілеңдер әрі оны беріктеуін сұраңдар. Расында ол қазір сұралып жатыр»*, – деген. (Әбу Дәуіт риуаяты)

Мұсылманның діни танымы саласындағы мәшһүр еңбектердің бірі Тахауи ақидасы кітабында былай делінген: **«Тірілердің дұға-тілектері мен садақалары өлгендерге пайда береді».**

Тірілер Құдай Тағаладан өлілерге кешірім тілеп дұға ететін болса, марқұмдарға оның пайдасы тиеді. Сонымен қатар үш нәрсенің сауабы жететін болады:

Әбу Һурайрадан (р.а.) риуаят етілген хадисте Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі



болсын): *«Адам өлгенде оның үш нәрсесінен – тоқтаусыз садақасы (мысалы, құдық, көпір, медресе) немесе пайда келтіретін білімі (таратқан білімі) немесе артынан дұға қылатын игі жақсы баласынан басқа барлық амалы тоқтайды»,* – деген (Муслим риуаяты).

Берілген садақаның сауабы тиетіні жайында Абдулла ибн Аббас (р.а.) мына хадисті риуаят етеді: *«Елден жырақта жүргенінде Сагид ибн Убаданың анасы қайтыс болды. Сонда ол Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алдына келіп: «Уа, Алланың елшісі! Мен сыртта жүргенде анам қайтыс болыпты. Енді оның атынан садақа берсем оған сауабы тие ме?»* – деп сұрады. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) *«Иә»,* – деді. Сонда Сагид (р.а.): *«Олай болса, сізді куә етемін, анамның атынан бағымды Алла жолында садақаға беремін»,* – деді». (Бұхари руаяты)

## **МӘЙІТТЕРГЕ ПАЙДА БЕРМЕЙТІН НӘРСЕЛЕР**

Кейбір адамдар жақыны қайтыс болғанда шектен тыс қайғырып, діни-имани құндылықтарға, мұсылмандық танымға теріс іс-әрекеттер жасап жатады. Ондай істер мәйітке еш пайда бермейді. Керісінше, мәйітке ауыр тиеді әрі күнә болмақ. Сол себепті мынандай әрекетке бармау керек:

1. Ажалы таяған адамның алдында көз жасын төгу, ашу-ызаға беріліп, шарифатқа сай келмейтін жат қылықтарға бой алдыру.

2. Әйелдердің бетін тырнап, киімін жыртып, түрлі

күпірлік сөздер айтып, жоқтауы. Мәселен, «асқар тауым құлады, арыстанымнан айрылдым, иемнен ажырадым, ерте кетті, не жаздым, бақытсыз боп қалдым, ойбай, Құдай!» деп айту.

3. Жаназа кезінде ән-күй ойнауы.

4. Өлген кісіні балағаттауға, оған қарғыс айтуға болмайды.

Айша анамыздан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Өлілерді балағаттамаңдар! Шындығында олар өздерінің істегендерінің есебіне қарай өтті»*, – деген. (Бұхари риуаяты).

## ҚАБІРДІ ЗИЯРАТ ЕТУ

Қабірді зиярат ету ханафи мәзһабы бойынша мустахаб. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі зиярат еткен және біздерге зиярат етуді өсиет еткен.

Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлем болсын) былай деген: *«Мен сендерді қабірлерді зиярат етуден тыйған едім. Ал енді оны зиярат ете беріңдер»* (Муслим риуаяты). Басқа риуаятта: *«Өйткені ол зиярат ақыретті еске түсіреді»*, – делінген.

Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әрбір жылдың басында Ухұт шайқасында шәһид болған сахабаларының қабіріне барып: *«Дүниедегі сабырлықтарың үшін сендерге сәлем болсын! Ақырғы жайларың неткен жақсы!»* – дейтін.

## МАРҚҰМДАРҒА СӘЛЕМ БЕРУ

Қабір зияраты кезінде марқұмдарға сәлем беріледі. Себебі Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне қабір жұртымен тірі адамдарға сәлем бергендей сәлемдесуді үйреткен. Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Бақиғ қорымын зиярат етіп: *«Сәлем сендерге, уа, мүмін қауым жұрты! Біздер де, Алла қаласа, сіздерге қосылармыз. Алладан өзіме де, сіздерге де есендік тілеймін»*, – деп сәлем беріп, дұға еткен.

Сүлеймен ибн Бурәйданың әкесінен жеткізген риуаятында әкесі былай дейді: *«Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қорымға шыққанда сахабаларына «Мүмін-мұсылмандардың жұртына сәлем! Иншалла, біз де арттарыңнан барармыз. Сендер біздің алдымыздасыңдар ал біз сендерге ілесушіміз. Алладан бізге де, сізге де есендік тілейміз»* деп айтуды үйрететін». (Ибн Хиббан, 3173).

## ЗИЯРАТТЫҢ ӘДЕПТЕРІ

1. Алланың разылығы үшін шынайы ықыласпен ниет етіп зиярат ету;
2. Зиярат еткенде дәретпен бару;
3. Аз уақыт болса да дүние тіршілігін тастап, ақыретті ойлау керек;
4. Зиярат орындарында ақырын жүру, дауыс көтеріп сөйлемеу;
5. Қабір жұртына сәлем беру. Пайғамбар (оған

Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына қабір жұртына былай сәлем беруді үйреткен: *«Әссәләму ғәләйкум, дәәрә қаумим-му'минин! Инәә иншәә'аллааһу бикум ләәхиқуун. Әс'әлуллааһа лии уа ләкумул-ғаафия»*. (Сәлем сендерге, уа, мүмін қауым жұрты! Біздер де, Алла қаласа, сіздерге қосылармыз. Алладан өзіме де, сіздерге де есендік тілеймін);

6. Қабір басында Ясин, Фатиха, Ықылас сүресін немесе өзі білген сүрелерді оқып, сауабын марқұмға бағыштаса болады;

7. Қабірді баспау керек;

8. Марқұмды жақсы сипатымен еске алу;

9. Зияраттан тыныш, байыпты қайтқан дұрыс.

## **ЗИЯРАТ БАРЫСЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНАТЫН АМАЛДАР**

Қабір зиярат ету барысында төмендегі әрекеттерді жасаудан шариғат қайтарған:

1. Қабірді басу, қабір үстінде отыру, қабір үстінде ұйықтауға;

2. Қабірді сипау, ұстау, сүйю, бетіне сүрту, айналып жүруге;

3. Қатты дауыс шығарып жылауға;

5. Қабір жанында шам немесе шырақ жағуға;

6. Өсіп тұрған ағаштарға шүберек-маталар байлауға;

7. Қабірге қарап намаз оқуға. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Қабірлерге қарап намаз оқымаңдар және олардың үстіне отырмаңдар»*, – деген (Муслим риуаяты).

## ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

**Сұрақ:** Марқұмдар өздерін зиярат етушілерді таниды ма?

**Жауап:** Иә, марқұмдар өздерін зиярат етушіні таниды. Бәйһақи *Шуғабул-Иман* кітабында Әбу Һурайрадан (р.а.) мына хадисті риуаят етеді: *«Егер бір кісі таныс қабір жанынан өтсе, сөйтіп мәйітке сәлем берсе, қабірдегі кісі оны танып сәлемге жауап қайтарады. Егер бейтаныс кісінің қабірі алдынан өтіп оған сәлем берсе, оның да сәлеміне жауап қатады».*

**Сұрақ:** Қорымда өсіп тұрған жемісті жеуге бола ма?

**Жауап:** Қорымның ішінде өсіп тұрған ағаштардың жемістерін жеу мәкруһ. Тек мұқтаж жандарға жеуге болады. Өйткені шарифат бойынша қорымның ішіндегі барлық заттар уақыф (яғни, Алла жолындағы) мүлік болып саналады.

**Сұрақ:** Қабірстанда мал жаюға бола ма?

**Жауап:** Қабірстанның ішінде мал жаю мәкруһ. Өйткені, малдар қабірлерді аяқ асты етеді.

**Сұрақ:** Қабір басында мал союға бола ма?

**Жауап:** Шарифат бойынша дәл қабірдің басында мал сойылмайды.

**Сұрақ:** Қабір басында тамақ ішуге бола ма?

**Жауап:** Қорымда тамақ жеп, сусын ішу мәкруһ. Алайда ондағы қабір қазушыларға, қызметшілерге тамақтанып, сусын ішуіне болады.

**Сұрақ:** Қорымның ішінде отыруға болады ма?

**Жауап:** Қорымның ішінде отыруға болады. Бірақ

табыт адамдардың иықтарынан жерге түсірілгенше отыру мәкрұһ. Себебі, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Жаназаға ерген кездеріңде (мәйіт) жерге қойылғанша отырмаңдар»*, – деген (Мұслим. 2/660).

**Сұрақ:** Қабір басына салынатын құрылыс нысанын бір жүйеге түсіруге бола ма? Яғни орнатылатын көк тастың көлемі белгіленсе және марқұмның бейнесін қашап естелік орнатылуына тыйым салынса дұрыс болар еді.

**Жауап:** Ханафи мәзһабының ғұламалары мәйіт жерленген орынды қиындықсыз табу үшін, қабір басына белгі қойып, аты-жөнін жазуға рұқсат берген. Алайда, зәулім тас, қажетсіз қоршау, үлкен сәнді күмбездер орнату, қашап сурет салу және т.б. осы сияқты амалдар ысырап әрі бәсекелестік болғандықтан, шарифатта оларға тыйым салған.

**Сұрақ:** Қабірдегілерге, яғни, әулиелер мен әруақтарға арнап құрбандық шалуға бола ма?

**Жауап:** Болмайды. Дәлел: Алла Тағала айтады: «Раббың үшін намаз оқып, құрбандық шал» (Кәусәр сүресі: 2-аят). Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтады: «Алладан басқаға атап мал шалған адамды Алла Тағала лағнет етсін!» (Имам Мұслим).

**Сұрақ:** Алла Тағалаға жақын болу мақсатымен қабірлерді айналуға бола ма?

**Жауап:** Жоқ, мүлде болмайды. Тек Қағбаны ғана айналу қажет. Оған дәлел: Алла Тағала айтады: **«...Қағбаны тауаф қылсын»** (Хаж сүресі: 29-аят).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтады: «Кім қағбаны жеті рет тауаф етсе және екі бас намаз оқыса, бір құлды азат еткендей болады» (Ибн Мәжәһ).

**Сұрақ:**Қабірдегі әнбие, әулие және әруақтар атымен ант ішу мүмкін бе?

**Жауап:** Ол мүмкін емес. Өйткені, Алла Тағаладан басқаның атымен ант ішуге болмайды. Дәлел: Алла Тағала айтады: «(Мұхаммед ғ.с.), оларға: «Жоқ, Раббыма ант етемін. Әлбетте, өлгеннен кейін қайта тірілесіңдер...» де» (Тәбәғун сүресі: 7-аят). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) айтады: «Кімде-кім Алла Тағаладан өзгенің атымен ант ішсе, ол серік қосқан болып табылады» (Имам Ахмәд). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы айтады: «Кім ант ішсе, Алланың атымен ант ішсін, әйтпесе тек тұрсын» (Имам Бұхари, Имам Мүслим).

## ҚАБІРДЕ ОТЫРУ, ҰЙЫҚТАУ, ДӘРЕТ СЫНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАБІРДІ БАСУ

Қабір үстінде отыру немесе ұйықтау яки жүру – мәкрүһ. Қабірдің үстіне үлкен немесе кіші дәрет сындыру – мәкрүһ тахрими (харамға жақын мәкрүһ). Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Біреулерің шоқ үстіне отырып, өртеніп кетуі қабір үстіне отырғаннан әлдеқайда жақсырақ болар еді»* Ата-анасы, бауыры, туысының қабіріне барғысы келген адам басқа қабірді баспай, айналып өтуі ләзім. Қабір басына ешқандай шүберек байланбайды, тиын-тебен тасталмайды.

## ҚАБІР БАСЫНДА ДҰҒА ЖАСАУ

Мәйіт жерленген соң жамағаттың аз уақыт кідіріп, оған дұға жасауы, Алладан кешірім тілеуі, Құран оқуы – сүннет. Осман ибн Аффан (р.а.) былай дейді: «Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мәйітті жерлеп болған соң қабір басында тұрып: *«Бауырларың үшін кешірім тілеңдер және оған Алладан беріктік сұраңдар. Расында ол қазір сұралуда* деген» (Әбу Дәуд. 3/209).

Қабір басында Құранның кез келген сүресін оқуға болады. Бірақ «Мүлік» сүресін оқу халқымызда дәстүр болып қалған.

## ҚАБІРДІ ЗИЯРАТ ЕТКЕНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

Қабірлерді зиярат жасау дініміздегі ең жақсы амалдардың бірі. Қабірстанға барғанда ең әуелі мына дұғаны оқылады:

**“Әссәләму ьаләйкум әһләд-диәри минәл-му’мининә уәл муслиминә, уә иннә ин шә-аллаһу бикум ләхикун [уә ярхамул-лаһул –мустәқдиминә миннә уәл-мустә’хирин әс-әлуллаһә ләнә уә ләкумул-ьяфияһ]”.** Мағынасы: Әссәләму алейкум уа, бұл мазарда жатқан мүміндер мен мұсылмандар! Алла қаласа біз де (бір күні) сіздерге қосыламыз (бізден бұрын өткендерді де, бізден кейін өткендерді де Алла рахым етсін). Алладан өзімізге де, сіздерге де азаптан құтқаруды сұраймыз. Осыдан соң өткен марқұмдарға



Құран Кәрім бағыштап, дұға ету керек. Қабірді зиярат ету адамға рухани пайдасы көп.

## ТОПЫРАҚ САЛУ

Қабір басындағы кісілерге қабір көмілуден бұрын үш уыс топырақ салу сүннет. Әбу Һурайра: «Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір жаназаға намаз оқыды. Сосын мәйіттің қабіріне келіп, оның бас жағына үш уыс топырақ тастады», – деген (Ибн Мәжа. 1/499). Ал мәйітті лахадқа қойған соң 1-ші уыс тастағанда: «*Минһә холақнакум*» (Біз сендерді әуелде топырақтан жараттық) – деп, 2-ші уыс тастағанда: «*Уә Фиһа нуьидукум*» (және топыраққа қайтарамыз), ал 3-сін тастағанда: «*Уә минһә нухрижукум тәротан ухро*», (және топырақтан қайта шығарамыз), – деп айту – мустахаб (Ахмад. Муснад. 5/254).

Қабірге төмпешік болғанға дейін топырақ үйіледі. Қабір үстіне бір қарыстай топырақ үйілуі мустахаб. Қабір үсті түйе өркеші секілді етіп үйілгені дұрыс. Қабірдің төбесін гипстеу немесе түрлі майлы нәрселер жағу – мәкрүһ.

## ҚАБІР БАСЫНДА НАСИХАТ АЙТУ

Адамдарға насихат айтуда кейбір кездері әсерлі болады. Солардың бірі жаназа және жерлеу рәсімі. Сондай уақыттарда айтылған үгіт ерекше мәнге, әсерге ие. Себебі ондай кездері өлім адамдардың көз алдында тұрады да пенденің менмендігі басылып, ғибрат алады.

Имам Нәуәуидің *Риядус-Салихин* кітабында мынадай хадис келтірілген. Али (р.а.) былай деді: **«Біздер бір жаназаны жерлеу үшін Бақиғұл-Ғарқад мазарына келген едік. Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) алдымызға келіп отырды. Біз оның айналасына отырдық. Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қолында бір кішкене таяғы бар еді. Онысымен жерді сызып отырған да, сосын бізге қарап: «Сендердің әрбіріңнің баратын орындарың тозақ па, әлде жәннат па – бәрі алдын ала жазып қойылған», – деді. Сонда сахабалар: «Уа, Расулұлла! Олай болса, сол жазылған нәрсеге арқа сүйеп жүре бермейміз бе?» – деді. Сонда Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ізгі амал жасаңдар! Әркім қандай орын үшін жаратылған болса, сол орынға алып баратын істер ол үшін жеңілдетіледі», – деді». (Бұхари, Муслим риуаяты).**

Демек қабір басында жерлеу ісімен қатар жиылған жамағатқа үгіт-насихат айту шариғат құпталған амал.

Қабір үстінде тас немесе ағашты мәйітті белгілеу үшін қойуға рұқсат. Бірақ оны мақтан үшін, байлығын көрсету үшін қою – харам. Әбу Ханифа (р.а.) мәзһабы қабір үстіне белгі қойып, оған жазу жазуға рұқсат етеді. Алайда сурет пен мүсін қойылмайды.

## ӘУЛИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ ЗИЯРАТ ЕТУДІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТӘРТІПТЕРІ

Шариғат жолымен қабірстанды зиярат ету ережелері мен тәртіптеріне қысқаша тоқталып өтуді жөн санаймын.

– Әуелі зиярат етуші адам ниетті дұрыстауы қажет. Яғни, ниет бір Алла Тағаланың разылығы үшін болу;

– Зиярат кезінде дәрет немесе ғұсыл (бойдәрет) алып шығу;

– Үйден шығарда екі рәқағат сапар намазын оқу; (Бұл екі ракат намаз жол азабынан, қауіп-қатерден сақта деген мағынада оқылады)

– Зиярат етудің негізгі мақсаты – тарихи жерлермен танысу және сол жерде жатқан марқұмдардың ақысына дұға ету болуы керек;

– Қабірстанға кірген кезде сәлем беру;

– Мазар ішінде орта жүріспен, жәй жүру;

– Қабірды сипаудан, сүюден, айналудан (тауаф етуден) сақтану; (Қабірды сүю, қолмен сипау, көзге сүрту, т.б. амалдар жасау өзге діндегілердің ұстанатын мәселесі болып табылады)

– Қабір үстін баспау керек. Өйткені, қабыр үсті – мәйіттің ақысы. Екі қабірдың ортасынан өтерде тәкбир, тасбих, тахлил, дұға ету ләзім. Қабір ішінде «Аллаһу акбар» немесе «Аллаһу Акбар, Аллаһу акбар, Ләә иләһә Иллаллаһу, Аллаһу акбар, Аллаһу Акбар уа лиллаһи-л-хамд» деп айту;

– Құран бағыштауда құбыла тарапқа қарап оқыған жөн;

– Дұға – тілекті тек бір Алла Тағаладан тілеу; (Яғни, мазар басына барып, сол жерде жатқан әруақтардан тілеуге болмайды. Барлық тілек пен дұғаның өтеуін Алла Тағала ғана береді)

– Қабірге қарап дәрет сын-дырудан, түкіруден, т.б. жағымсыз іс-әрекеттен аулақ болу; (пайғамбарамыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қабірстандағыларды тірі кездегідей құрмет етуді бұйырған)

– Қабірстанның ішінде ғайбат сөз айтудан, боғауыз сөздерден тыйылу;

– Зиярат орындарында темекі, насыбай, ішімдіктер ішуден сақ болу;

– Кесенелер мен мазарларға оң аяқпен кіріп, сол аяқпен шығу – марқұмға деген құрметтің бір түрі;

– Әулиелі жерлерде түнеу мәселесі дінде көрсетілмеген;

– Мазарға қарап намаз оқудан мүмкіндігінше сақтанған жөн. Бұл жөнінде Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Қабірлерге қарап намаз оқымаңдар және олардың үстіне отырмаңдар» - деген. (Имам Мұслим).

– Мазарға барып, қабір жанында құрбандық шалуға болмайды;

– Қорым немесе кесене ішінде тамақ жемеу;

– Қабір немесе кесенелердің төрт бұрышына шамшырақ жағу – діндегі тыйым салынған амалдардың бірі. Бұл амал бақсы-балгерлердің ойдан жасап алған амалдары.

– Зиярат жасаушы әйел кісілер (қыз баласы) басына орамал, денесіне жабық киім кию керек;

– Зиярат ету барысында көп-шілікке діни уағыз айту – жақсы амалдардың қатарынан саналады. Жалпы, адам баласы бір-бірін жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруы тиіс;

– Мазар басына қымбат тастар, күмбез орнату – ысырап. Ең дұрысы, зиярат жасауға кететін қаражатты жетімдер үйіне немесе жоқ-жітіктерге берудің сауабы жоғары екенін түсінген жөн;

– Мазарларға мүсіндер орнату, тастарға марқұмның суретін салдыру – дінге қайшы;

– Мола жанындағы өсіп тұрған ағаштарға шүберек, мата байлау шарифатқа қайшы;

– Мазар басында жылап-сықтау – мәкрүһ (мәкрүһ – ұнамсыз деген сөз).

– Мазар басында дауыс көтеруден, әзілдесуден сақтану;

– Құран тіләуат ету, жақсы тілектермен дұға жасау, садақа беру сияқты қайырлы істердің сауабын мәйітке бағыштау;

– Молада жатқан марқұмдардың өмірдегі жақсылықтарын еске алу сауапты амал болып саналады. Дініміз де қайтыс болған адамның өмірдегі тек жақсы амалдарын айтуға бұйырады. Ал, оның өмірдегі күнә істері мен теріс амалдарын айтудан сақтанған жөн.

***Алла тағала жолында жасаған баршамыздың зиярттарымызды, ниетімізді қабыл етсін, Әмин!***

## МАРҚҰМҒА ҚҰРАН КӘРІМНІҢ САУАБЫН БАҒЫШТАУ

### Фатиха сүресі

Әузу билләһи минаш-шайтонир ражим.

**Бисмилләхир рахманир рахим.**

Әл-хамдулилләхи раббил ыаламин.

Ар-рахманир рахим. Мәлики иаумид-дин.

Ияка наьбуду уа ияка настәьин.

Иһдинас сиротол мустақим. Сиротол- ләзина ән-һамтә

һалайһим. Ғайрил мағзуби һалайһим уаладзол-лин.

Әмин! (1-рет оқылады)

### Ықылас сүресі

**Бисмилләхир рахманир рахим.**

Қул хууал - лаһу аһад. Аллаһус - сомәд. Ләм иалид, уалам

юләді. Уалам иакул-ләху куфууан аһад. (3-рет)

**Сада қаллаһул аьлийул аьзим.**

Субхана раббика раббил ыиззати һамма ясифун.

Уасаламун һалал мурсәлиин. Уал-хамдулил – ләһи

Раббил ыаламиин. Әмин! Мұнан соң екі қолды көтеріп,

мына төмендегідей дұға айтамыз: «Уа, Ұлы Алла,

**осы оқылған Құранның - «Фатиха», «Ықылас»**

**сүрелерінен болған сауабын Пайғамбарымыз**

**Мұхаммед саллаллаһу алайһи уә салламға, Адам (ғ.с.)**

**атамыз бен Хауа анамызға, барша Пайғамбарлар мен**

**сахабаларға, дүниеден өткен барша мұсылмандарға**

**және ата-бабаларымыздың рухтарына бағыштадым.**

**(немесе өз білген дұғамызды оқуымызға болады).**

**«Раббанә әтинә фиддуния хасанәтән. Уә фил-**

**ахирати хасанәтән уә қина азәбан-нәр»** Әмин, Аллаһу

әкбар деп дұға етіледі. Алла Тағала ниетімізді қабыл

етсін, Әмин!

## ҚАБІР ТУРАЛЫ АЯТ, ХАДИСТЕР

Хазірет Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деп айтады: «Қабір - (амалдарға байланысты) жәннат бақшаларынан бір бақша немесе тозақ, шұңқырларынан бір шұңқыр болады» (Тирмизи, Қиямет 26/2460).

«Саған яқин (өлім) келгенше Раббыңа құлшылық жаса!» (Хижр сүресі, 99-аят) деп бұйырған.

Әл-Маруази: «Ахмад ибн Ханбал: «Көр азабы хақ, оны тек адасқан немесе адастырушыдан басқа ешкім жоққа шығармайды», – деді», – деген.

Әбу Һурайра (Алла оған разы болсын): «Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендерден біреулерің қабірге жерленген кезде оған екі қара-көк періште келеді. Біреуі Мәңкүр, келесісі Нәкір деп аталады. Бұл екеуі оған: «Мына Мұхаммед деген адам жөнінде не деуші едің?», – деп сұрақ қояды. Әлгі адам (тірі кезінде) не айтса соны қайталайды. Егер мүмін болса: «Ол – Алланың құлы және елшісі, Әшһәду әллә иләһә иллә Аллаһу, уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ», – дейді. Екі періште: «Біз сенің осылай айтқаныңды білетінбіз», – дейді. Сөйтіп оның қабірін жетпіс білек көлемінде кеңейтіп, жап-жарық етеді, сосын оған: «Ұйықта!» – дейді. Сонда ол: «Туысқандарыма, байлығыма қайтайын, оларға осы халім туралы хабарлайын», – дейді. Оған екі періште: «Жаңадан отау тігушілерді ешкім оятуға батылы бармайтын, тек жақсы көретін туысы ғана оятатындай жағдайда

ұйықта!» – дейді. Алла Тағала сол орнынан қайта тірілткенге дейін ол осындай рахат ұйқыда жатады.

Ал мұнафық болса: «Білмеймін, адамдардың бірдеңе дейтінін естіп, мен де соны айтатынымын», – дейді. Сонда екі періште: «Сенің солай айтатыныңды білетінбіз», – дейді. Сосын жерге: «Оған жақында», – деген әмір беріледі, жер жақындап оны қабырғалары айқасқанша қысады, сөйтіп Алла сол орнынан тірілтіп тұрғызғанға дейін азап шеге береді», – деді», (Әт-Тирмизи, Ибн Хиббан ) – деген.

\*\*\*

Мүміндердің анасы Айшадан (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) намазда тұрып: «Уа, Аллах! Мен Өзіңе қабір азабынан, мәсих дәжжалдың бүлігінен, өмір мен өлім сынағынан және жаһаннам азабынан сақтауыңды сұрап жалбарынамын», (Әл-Бұхари, Муслим ) – деп дұға қылатын.

\*\*\*

Хакім Абай бабамыз өзінің «Қара сөздерінің бірі, яғни төртінші қара сөзінде» былай деген екен:

«Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұл дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды», - деген.



## СҰРАҚ-ЖАУАПТАР

**Сұрақ:** Сіз мұсылмансыз ба?

**Жауап:** Әл-хамдулилләһ, мұсылманмын.

**Сұрақ:** Немен дәлелдейсіз?

**Жауап:** «Әшһаду әллә илаһа иллаләһ. Уә әшһаду әннә Мухаммадән ʙабдуһу уә расулуһ».

**Сұрақ:** Қашаннан бері мұсылмансыз?

**Жауап:** Әлимсақтан бері мұсылманбыз.

**Сұрақ:** Қалайша мұсылмансыз?

**Жауап:** Иман келтірумен мұсылманмын.

**Сұрақ:** Кімнің құлысыз?

**Жауап:** Алла Тағаланың құлымын.

**Сұрақ:** Кімнің үмметісіз?

**Жауап:** Мұхаммед Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмметімін.

**Сұрақ:** Кімнің досысыз?

**Жауап:** Төрт шадиярдың (Абубәкір, Осман, Омар, Әли) досымын.

**Сұрақ:** Кімнің ұрпағынансыз?

**Жауап:** Адам Атаның ұрпағынанмын.

**Сұрақ:** Кімнің милләтіненсіз?

**Жауап:** Ибраһим калилләһның милләтіненмін.

**Сұрақ:** Кімнің мәзһабынансыз?

**Жауап:** Имам Ағзамның мәзһабынанмын.

**Сұрақ:** Сізді кім жаратты?

**Жауап:** Барша әлемді жаратушы Алла жаратты.

**Сұрақ:** Пайғамбарымыз кім?

**Жауап:** Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын)

**Сұрақ:** Дінің қайсы?

**Жауап:** Дінім Ислам.

**Сұрақ:** Ислам діні қалай орындалады?

**Жауап:** Ислам діні негізінде 5 нәрсемен атқарылады:

1. Иман – Алланың бір екеніне, Мұхаммед пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) оның әрі елшісі және құлы екеніне сену.
2. Намаз – Күнделікті бес уақыт намазды өз уақытында орындау.
3. Ораза – Қасиетті Рамазан айында ораза тұту.
4. Зекет – Мал-дүниесінің кірін шығарып тұру.
5. Қажылық – Шамасы жеткен қажыға бару.




## **ДҰҒАНЫҢ КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙТЫН ЖЕР МЕН УАҚЫТТАРЫ**

- ✓ Қағбада және Мәдинедегі ән-Нәуаби мешітіндегі дұғалар;
- ✓ Таңертеңгі уақытта, яғни күн шыққанда;
- ✓ Парыз намазының соңында;
- ✓ Әділ патшаның дұғасы;
- ✓ Зәм-зәм суын ішкен уақытта;
- ✓ Ата-ананың баласы үшін жасаған дұғасы;
- ✓ Түннің үштен бірінде. Яғни, Тәһаджуд намазы уақытында;
- ✓ Жел тұрған уақытта;
- ✓ Жаңбыр жауып тұрғанда тілеген тілектер қабыл;
- ✓ Арафатта және осы күні;
- ✓ Ражаб айының алғашқы түнінде;
- ✓ Жұма күні. Жұма намазы кезінде;
- ✓ Құран-Хатым етілген кезде;
- ✓ Ешкім жоқ жердегі дұғалар;
- ✓ Алладан қорыққаннан бүтін жан дүниесі тітіреніп, көзінен жас аққан кезде оқылған дұға кері қайтарылмайды;
- ✓ Мешіттерде оқылған дұғалар;
- ✓ Шәкірттердің дұғалары;
- ✓ Жолаушының дұғасы;
- ✓ Келген қонақтың дұғасы;
- ✓ Біреуден азар көрген кісінің дұғасы;
- ✓ Қайыршының жасаған дұғасы;
- ✓ Жалпы намаз оқып жатқанда;
- ✓ Жасы үлкен қариялардың дұғасы;

- ✓ Көп балалы аналардың дұғасы;
- ✓ Ғалымның дұғасы;
- ✓ Әрдайым аузынан жақсы сөз шыққан адамның дұғасы;
- ✓ Диқаншының тілегі;
- ✓ Сабырлы кісінің дұғасы;
- ✓ Қайырымды кісінің дұғасы, яғни әр кезде жоқ-жетімдерге көмектесіп жүрген кісілердің тілегі;
- ✓ Имам-молдалардың дұғасы;
- ✓ Ай мен Күн тұтылғанда;
- ✓ Отан қорғап өткен жауынгердің дұғасы;
- ✓ Айт мерекесі күндері;
- ✓ Неке қиылып жатқан уақыттағы дұғалар;
- ✓ Қарызданып қалған кісі жасаған дұғалары;
- ✓ Жегені, кигені, ішкені адалдан болған кісінің дұғасы;
- ✓ Науқас кісінің жасаған дұғасы;
- ✓ Қажылықтан келген уақыттағы жасаған тілектер;
- ✓ Аяғы ауыр (жүкті) әйелдердің жасаған тілектері;
- ✓ Сәждеге бас қойған кезде;
- ✓ Азан шақырып жатқан уақытта;
- ✓ Рамазан айында және Қадір кешіндегі дұғалар;
- ✓ Әрдайым бес уақыт намаз оқып жүрген кісінің дұғасы;
- ✓ Ауыз ашар уақытта және сәресі уақытында жасаған дұғалар;
- ✓ Құрбандық айтта өзгеде уақыттарда мал шалу кезінде т.б. орындарда дұға-тілектер қабыл болады. Иншалла!

Алла Тағала шын ниетпен жасаған дұға-тілектерімізді қабыл етіп әрдайым үйімізде қуаныш-шаттық, бақ-дәулет, мол ырзық, елдің тыныштығын нәсіп етсін! Әмин!

*Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедке, оның әулеті мен сахабаларына және солардың ізіне ерген қиямет күніне дейінгі барлық пенделерге Алланың салауаты мен сәлемі болғай! Алла Тағала осы дүниеде оның салып кеткен сара жолымен жүріп, ал ақыретте оның шапағатына ие болуды нәсіп еткей! Әмин!*



## Қолданылған әдебиеттер:

1. **Құран Кәрім.** Сауд Арабия. Халифа Алтай. 1991ж.
2. **Зират пен ғибрат.** Алматы қаласы. «Ғибрат» баспа үйі.2008ж
3. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2000 жылдан бастап шыққан **Пәтуалар** жинағының бір бөлігі. Алматы қаласы. «Көкжиек-Б» баспасы.2008ж.
4. **Мұхтасар.** Шымкент қаласы. «Алтын алқа» баспасы. 2007 ж.
5. **Қабірді зиярат ету қағидалары.** Астана қаласы. «Насихат-М» баспасы 2007ж.
6. **«Ислам және Өркениет» газеті.** Алматы қаласы. №15 (159) 2009ж.
7. **ҚМДБ «Жаназа және жерлеу рәсімдері»** 2017ж Астана қаласы.



## МАЗМҰНЫ

Қабір туралы түсінік.....	5
Дұғаның абзалы.....	5
Дұға етудің әдеттері.....	5
Қабірді зиярат ету.....	6
Марқұмға сауабы тиетін амалдар.....	7
Мәйіттерге пайда бермейтін нәрселер.....	9
Қабірді зиярат ету .....	10
Марқұмдарға сәлем беру.....	11
Зияраттың әдептері.....	11
Зиярат барысында тыйым салынатын амалдар.....	12
Тақырыпқа қатысты мәселелер.....	13
Қабірде отыру, ұйықтау, дәрет сындыру және қабірді басу.....	15
Қабір басында дұға жасау.....	16
Қабірді зиярат еткенде оқылатын дұғалар.....	16
Топырақ салу.....	17
Қабір басында насихат айту.....	17
Әулиелі жерлерді зиярат етудің ережелері мен тәртіптері.....	19
Марқұмға құран кәрімнің сауабын бағыштау .....	22
Қабір туралы аят, хадистер.....	23
Сұрақ-жауаптар.....	25
Дұғаның кері қайтарылмайтын жер мен уақыттары....	27
Қолданылған әдебиеттер.....	30

# **ЗИЯРАТ ЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Құрастырған;  
Мұхамеджан ЕСТЕМИРОВ**

**Басуға берілген 01.06.2017 ж.  
Баспа табағы 2. Офсеттік басылым.  
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс № 6.  
Бағасы келісім бойынша.  
«ИП Байтасов БС» баспаханасында басылды.  
Шымкент қ.**